

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/EIWC1999>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/QHQV2545>

***А. А. Касымова¹, К. Т. Тулебаева², Б. М. Кадырова³**

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

²Alikhan Bokeikhan university,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

³Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: assemzere.ak@gmail.com

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ТЕЗАУРУСТЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақтың дана ақыны Абай Құнанбайұлының қарасөздері тіліне тезаурустық талдау жасау жолдары қарастырылады. Абай шығармалары – ізі өшпес асыл мұра, әдебиеттің негізгі константы. Оқырманның осындай асылдан үлгі алып, шығармаларынан рухани сусындауы жеке тұлға үшін ғана емес, ұлт келешегі үшін де азық болмақ. Бірақ қазіргі оқырман үшін Абай тілі ауыр болып жүргені белгілі. Ол Абай тілінің кемшілігі емес, ақын жүрегінен шыққан асыл сөзді түсіну үшін оқырман көзқарасы мен дүниетанымының кеңдігі қажеттігін айтады. Сол себепті де қарасөздердің ішкі концепциясын жете түсіну қажет. Қарасөздердің мәнін ашудың бірден-бір амалы әрбір сөзге тезаурустық талдау жасау болып табылады. Тезаурус – тілдік-лингвистикалық талдау жүйесінде ерекше маңызға ие құрылым. Тезаурустың жай сөздікке қарағанда мағынасы мен мазмұны ауқымды. Сондықтан да қарасөздердегі мәтіннің ішкі мазмұнын тезаурустық тәсіл арқылы талдау үлкен мәнге ие. Тезаурустық талдау аспектісі, ең алдымен, мәтіннің квинтэссенциялық мағынасын ашып көрсетуге негізделеді. Сөздіктің басқа түрлерінде сөздер әліпби реті бойынша тізбектелсе, тезаурустық сөздіктерде сөздер мағынасы бойынша топтастырылады. Бұл тұста қарасөздерде кездесетін сөздердің тек лексикалық мағынасын беріп қоймай, оның атрибуты мен гипернимдік сипатын ашып көрсету көзделіп отыр.

Мақала АР14869894 «Абай қарасөздерінің тезаурусы» ғылыми жобасы аясында әзірленді.

Кілтті сөздер: Абай, қарасөз, тезаурус, лексикалық мағына, сөз мағынасы, тезаурустық талдау.

Кіріспе

Қазіргі таңда әдеби шығармаларды тезаурустық талдау қарқынды дамып келе жатқаны белгілі. Тәжірибеге сүйенсек, тезаурустық талдау тіл ғылымында, әдебиеттануда және гуманитарлық білімнің басқа салаларында оң нәтижелер беріп жатқанын аңғарамыз. Көп жағдайда қолданбалы сипаттағы жұмыстарда ұсынылған тезаурустық тәсілдің теориялық және әдіснамалық аспектілері, мәселен, көркем шығармада оны терең түсіну үшін қажет деген пікірдеміз. Олай болса, ең алдымен «тезаурус» терминінің мәнін ашып алу маңызды болмақ.

Жалпы лексикографияда тезаурус мәселесі батыс және орыс ғалымдарының тұжырыдамалары негізінде сипатталып келеді. Атап айтқанда, тезаурус – қазіргі тіл ғылымында лексикалық бірліктер арасындағы мағыналық қатынастар (синонимдер, антонимдер, паронимдер, гипонимдер, гиперонимдер т.б.) көрсетілген жалпы немесе арнайы лексикалық сөздіктердің ерекше түрі. **Тезаурус** (грек тілінен аударғанда – қазына, қор) дегеніміз – белгілі бір ұғымды сипаттау, ашып жазу [1].

Қазіргі тіл білімінде «тезаурус» 1) «жалпы немесе арнайы сөздіктің ерекше түрі, лексикалық бірліктердің арасындағы мағыналық қатынасты көрсету»; 2) «сөзді басқа сөздермен мағыналық байланысы бойынша іздеуге арналған сөздік»; 3) «сөздіктегі сөздерді жүйелеудің (реттеу) белгілі бір тәсілі»; 4) «экономикалық тұрғыдан «әлемді модельдеуге» мүмкіндік беретін лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі» деп сипатталып жүр.

Тезаурус терминін кәдімгі жалпы немесе арнайы сөздік деп қабылдайтын зерттеушілердің бірі – лексикограф ғалым Л. В. Щерба. Ғалым бұл ойын бірнеше ғылыми мақаласында дәлелдеуге тырысады [2]. Тезаурус – сөздік басқа сөздермен мағыналық байланысы бойынша іздеуге арналған сөздік тұжырымын зерттеуші Ф. Соссюр ұстанады [3]. Зерттеуші О.С. Баранов болса, сөздіктегі сөздерді жүйелеудің (реттеу) белгілі бір тәсілі тезаурус болып табылатындығын алға тартады [4].

Тезаурус терминін экономикалық тұрғыдан «әлемді модельдеуге» мүмкіндік беретін лексикалық құрам ретінде түсіндіру Ю. Н. Карауловтың тұжырыдамасы болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда тезаурус-сөздік «кез келген ғылыми немесе техникалық саланың сөздік құрамының, ал ең жалпы түрінде – жалпы әдеби лексиканың, оның үстіне белгілі бір тілдің бүкіл сөздік құрамының жүйелі реттілігі» болып табылады [5, 17].

Тезаурус термині тіл білімінде белгілі бір дәрежеде «дүние суретін», «дүниенің тілдік моделін» көрсететін сөздіктердің ерекше түрін белгілеу

үшін кеңінен қолданылып келеді [5, 43]. Қазіргі таңда тезаурус «қазына» ретінде өзінің мағыналық ауқымында өсті, жаңа мағынаға ие болды. Ол тілдің барлық лексикалық байлықтарын бойына сіңіріп қана қоймай, белгілі бір логикалық жүйеге келтіретін сөздік деп атала бастады.

Қазіргі уақытта ең танымал тезаурус ұғымын зерттеушілер ағылшын тілші ғалымы Ф. Соссюр, орыс тілінің идеографиялық сөздігін әзірлеуші лексикограф О. С. Баранов, орыс тілінің семантикалық сөздігінің авторлары Ю. Н. Караулов, Н. Ю. Шведова және орыс тілінің тақырыптық сөздігін әзірлеуші Л.Г. Саяхова, Д.М. Хасанова және В. В. Морковкин тәрізді тіл мамандары тезаурус-сөздігін қалыптастырушылардың қатарында келеді.

Қазіргі қазақ тілінде алғашқы тезаурустық сөздік жүйесін қалыптастырушылардың бірі Ы. Алтынсарин болып табылады. Тезаурустық сөздіктер өзара лингвистикалық және статистикалық тезаурус деп екіге бөлінетінін ескерсек, қазақ тіл білімінде белгілі бір ақын-жазушы тілінің жиілік сөздіктері тезаурустың статистикалық түріне жататындығы – анық. Бұл ретте 1968 жылы А. Ысқақовтың редакциялығымен әзірленген Абай тілінің сөздігі өте құнды болмақ [6]. Тіл ғылымында Г. Мамырбекова, А. Сейітбекова тарапынан әзірленген Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресі» еңбегінің тезаурусы шығармадағы барлық лексикалық қордың жинақталып, қамтылуымен ерекшеленеді [7]. Сонымен қатар қазіргі таңда Абай шығармаларын тезаурустық талдау тақырыбы да әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан қолға алынып, ақын шығармаларындағы ғылым мен білім тезаурусы зерттеуші Қ. Саркенованың тұжырымында жан-жақты талданды [8]. Сондай-ақ, зерттеуші ғалым Ж. Айтмұхамбет Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейне» образына тезаурустық талдау жасап, ақын тілінің ерекшелігін айқындай түскендей [9].

Олай болса, қазақтың дана-ойшылы Абай Құнанбайұлының қарасөздеріне тезаурустық талдау жасап, кез келген оқырманға түсінікті етіп жеткізу мақсатында қарасөздердің тезаурус сөздігін құрастыру маңызды болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жұмысында 1933 жылдан бері жинақталып жарыққа шыққан Абайдың қарасөздері пайдаланылды.

Мақалада салыстырмалы-тарихи, лингвомәдени, коммуникативтік, психолингвистикалық, статистикалық, сипаттама, кешенді әдістердің кейбір элементтері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы тезаурус терминінің басқа тілдердегі ғылыми тұжырымдамасы мен олардың басқа тілдердің лексикасымен байланысы қарастырылды. Мұнымен бірге салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ тіліндегі тезаурустық сөздіктердің тарихи қалыптасқан варианттары анықталып, бір-бірімен салыстырылады.

Мақала кешенді формаға ие. Себебі Абай қарасөздерінің тезаурусын қалыптастыру үшін ең алдымен, «тезаурус» терминінің мәнін ашып, қарасөздердегі тезаурустық ұғымның сипатын анықтап алу қажет. Кешенді әдіс арқылы психоллингвистика, лингвомәдениеттану салалары мен Абай қарасөздерінің арасындағы өзара байланыс пәнаралық әдістер арқылы ғылыми тұрғыдан зерделенді. Мұнымен бірге сипаттама әдісі арқылы Абай қарасөздерінің тақырыптық аясы ажыратылып, синтезделді.

Нәтижелер мен талдау

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздері – көркемдік, әлеуметтік гуманистік, діни көзқарастары терең сипатталған филолософиялық шығарма және ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік ерекшелігін, дүниетанымын айқындайтын прозалық туынды. Қарасөздердің тақырыбы әр алуан, мазмұны Абайдың басқа шығармаларымен салыстырғанда өзгеше. Бұл ретте ғалым Қ. Жұмалиев: «Көркем қарасөз қазақтың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннан басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қарасөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті. Бірақ Абайдың қарасөздерінің өзінше ерекшелігі бар. Оның сөйлем құрылысы да басқашалау болып келеді. Сөздерінің көлемі аз болса да, мағынасы терең. Көпшілігі сұрау-жауап, не оқушылармен, не өзімен-өзі кеңесу болып құрылады. Бұл – батыс, орыс елдерінің ұлы адамдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, тағы басқа мәселелер туралы өз көзқарастарын айтқанда, олар осы әдісті пайдаланған. Түбі сонау ескі гректердің философтарында жатыр», – деген тұжырым жасайды [10, 89].

Абай қарасөздерін зерттеу саласында әдебиеттанушылар тарапынан әртүрлі бағыттағы зерттеулерді кездестіруге болады. Мәселен, қарасөздерді Ғарифолла Есім «Сөз жанры» деп атап: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қарасөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұны өзіне лайықты форма тапқан», – деген сипаттама береді [11, 129]. Ал абайтанушы ғалым Б. Кенжебаев Абай қарасөздерін теориялық тұрғыдан зерделей отырып, Абайдың қарасөздерінің «Ғақлия» деп аталуына қарсы пікір айтып: «... ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихаттау сөздер. Абайдың қарасөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34 сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал-ғақлия болып келеді. Естуіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек», – деген тұжырым

жасайды [12, 192]. Сонымен қатар әдебиеттанушы ғалым Абайдың прозасында ғақлия, накыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылдық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де, публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме де орын алатындығын атап көрсетеді.

Абайдың ақын шәкірттерінің тілін зерттеген, абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы қарасөздердің мазмұндық, тақырыптық аясы жайлы айта келіп: «Абай қазақ үшін Ғазалидей биік тұлға. Абай өмір сүрген дәуірде мұсылман әлемі ауыр кезендерді бастан кешіріп жатқан еді. Себебі, Абайдың тұсында мұсылман мемлекеттердің ешқайсында тәуелсіздік болған жоқ. Отарлаушы империялардың құрсауында қалған мұсылман елдері дін тұрмақ, ғылымнан, білімнен ажырап қалды. Міне, бүтін мұсылман әлемін қараңғылықтан алға сүйреп шығару туралы көзқарас тұсында өмір сүрген Абай мұсылмандықты ғылым, білім арқылы дәріптеп, қазақ қоғамына жаңашылдық серпінін алып келді», – деген сипаттама береді [13,124]. Әдебиеттану ғылымына жаңа жанрмен келген қарасөздер ең алғаш рет 1933 жылы «Абай» жинағында жарық көрген. Олар Абайдың кемелденген шағында өмірге келген, автордың жүрек толғанысы, философиялық тұжырымы, өмірлік тәжірибесінің негізі болып табылады. Сол себепті де ақынның қара сөзбен жазылған ой толғамы қай кезеңде оқылса да, кез келген жан оның ішінен өз заманының белгілерін көре алады.

Қарасөздерінде Абай қарапайым адам мінезінен бастап, ақыл, ар, ұждан, тәрбие, білім, ғылым, дін, билік, туыстық қарым-қатынас сынды мәселелерді қозғады. Өлеңдерінің мазмұнында көтерілген терең мәселелерге оқырманы терең бойлай алмайтынын сезінген автор ойын осы қарасөзге төкті. Бұл жайында ең алғашқы абайтанушылардың бірі М. Әуезов: «Сонда тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлары бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуі мүмкін. Сол себепті өлең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын, оның шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қара сөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте ақынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтық тар көлемді түсініктер көбірек көрінетін кездері болады. Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өлеңіндегі сияқты дінді адамгершілік моральді тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды», – деп түйіндейді [14, 2].

Қазіргі таңда ақын қарасөздерін оқу, ұғыну, философиялық мәнін айқындауда тоңы жібімеген үлкен мәселе байқалады. Олай дейтініміз, Абай

қазақтың бой тұмары болғанына қарамастан, ұрпақ жалғастығы мәселесінде қарасөздердің мәнін ұғыну қиындап бара жатқаны байқалады. Қоғамда Абай ізін салған «Толық адам» бейнесі ақын шығармашылығын терең түсініп, бойымызға сіңіргенде ғана қалыптасатындығын ескерсек, әрбір қарасөздің ішкі мазмұнын, оқырманға берер нақылын, ой толғамын жіті ұғыну маңызды болып табылады. Мәселені шешу жолы қарасөздердің тезаурустық сөздігін құрастыру болса керек. Жоғарыда атап өткендей, қарасөздер тезаурусы туындыны жаңаша көзқараспен оқуға, Абайдың даналық философиясын жаңа қырынан қабылдауға жеңілдік тудыратын болады. Бұл ретте ең алдымен қазіргі қоғамдағы жас ұрпақ Абаймен жақындай түседі.

Тезаурус ұғымын зерделеген ғалымдардың тұжырымына сәйкес, Абай қарасөздерінің мәнін ашу үшін тезаурустық сөздік негізгі тәсіл болып табылады. Осы орайда Абай шығармаларының тілін зерттеген академик Р. Сыздықованың: «Абай тілі зерттеліп келді дегенге екі түрлі ұғымды сыйғызуға болады: бірі – ұлы қаламгердің тілі туралы жалпы пікір айту, екіншісі – Абай шығармалары тілінің өзін талдап-тану», деген пікір айтады [15]. Осы күнге дейін жүздеген, мыңдаған әдебиеттерде Абай шығармалары жан-жақты зерттеу объектісіне алынып, сан алуан пікірлер айтылып келді. Енді ақын шығармаларының, соның ішінде қарасөздерінің тілін зерттеу уақыт күттірмейтін мәселелердің бірі. Себебі абайтану ілімінің қалыптасқанына жүз жылдан астам уақыт өтсе де, ақынның рухани мұрасы қазақ халқының жанын кемелдендіруге аса қажет еңбектердің бірі болып табылады. Уақыт өткен сайын ақын тілі үнемі жаңарып жатқан қоғам үшін күрделеніп барады. Себебі заманның өзгеруімен бірге оқырманның сұранысы, пайымдауы өзгерді. Абай мұрасын, оның ішінде қарасөздерін оқып, түсіну, санаға сіңіру қазіргі оқырманға, әсіресе жастарға қиындық тудырады. Бұл мәселенің шешімін табудың бірден-бір жолы қарасөздерге тілдік-әдеби талдау жасап, қарасөздердің тезаурус сөздігін қалыптастыру. Бұл жайында жекелеген ғалымдардың пікірлері де жоқ емес. «Жазушы сөздігі тезаурус типінде болуы тиіс. Оған себеп жалпы мен жекенің арасындағы шектеу жалпы түсіндірме сөздікте де, жеке жазушы сөздігінде де ғылыми дәлдікпен беріле алмайды, себебі жалпы мен жеке бір-біріне қарама-қайшылықта емес, өзара қатынаста зерттелуі тиіс» [16, 96], – деген тұжырымды басшылыққа ала отырып, Абай қарасөздерінің тезаурусын жасауды мақсат етіп отырмыз.

Бұл ретте ең алдымен кез келген автордың сөз саптауы оның өмір сүрген ортасымен байланысты болады. Мақсатымыз Абай дәуіріндегі лексикалық негізді өскелең ұрпаққа түсіндіріп беру. Себебі өткенін білген ұрпақ, болашаққа нық қадам басады. Түсіндіру жұмыстары көп жағдайда тезаурус сөздігін жасай отырып, ақын тіліндегі күрделі ұғымдарды контекстік аяда қарастыру арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тезаурус сөздіктер өз ішінен лингвистикалық және статистикалық деп екіге бөлінеді. Мұндағы тезаурус сөздігінің статистикалық түріне шығармадағы барлық сөздер тізіліп, олардың саны, қолданылу жиілігі анықталып берілетін сөздік түрі жатады. Біздің зерттеу объектіміз – қарасөздердің құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық қолданысы. Яғни тезаурус сөздігін түзудегі лингвистикалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, қарасөздегі жекелеген сөздерге ғана емес, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар, мағынасы күрделі сөздердің синонимдік, антонимдік қатары да салыстырмалы контексте қарастырылады. Мәселен, ақын екінші қарасөзінде өзге халықтардың қазақтан озық жерлерін айта келіп, қазақтың жағымсыз қылықтарын сынайды. Халқының бос мақтанға әуестігін айтады. Адал еңбекпен мал табуды, жер бетіндегі өзге жұрттар жетістігін санамалап көрсетіп, олардың жетістігінен үлгі алуға үндейді. Қарасөзінің соңында «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» деп кері сауал қояды. Бұл – осы сөзде айтылған ойдың мәнін ашатын негізгі түйіні, қорытындысы.

«Енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдірлеген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке десіп», шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» – ақын қазақ халқының тәжік, сарттардың мінездеріне, кәсіптеріне күле қарағандығы туралы айтады.

«Ноғай» – түркі тектес халық.

«Түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноқай дегенше, ноқай десеңші, түкее ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқың ноғай, «бакалшиік ноғай» – қазақтың ноғай халқының мінезсіз, икемсіздігін сынға алуы.

«Ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» – ауызекі сөйлеу тілінде орысқа айтылған бейнелі сөз (*сасыр – сасық иісті құрай шөп*).

«Ойына келгенді қылады» – істегісі келген істі істейді.

«Не айтса соған нанады» – айтылған сөздің бәріне сене береді.

«Ұзын құлақ» – біреудің біреуге айтқанын қосып айту.

«Айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім» – айтылған сөздерге мақтанушы едім.

«Антұрған» – сөзінде тұрмайтын, оңбаған.

«Қылмаған шеберлігі жоқ» – қолынан бәрі келу, бәрін жасай алу

«Шаһар» – қала.

«Ахиреттігін» – ахиретке (о дүниеге) аттанарда өлген кісіні орайтын кебін (ақ маға).

«Кірелен» – көшіріп, айдап алып кету

«Үлкен молдалар» – ислам дінін ұстанып, уағыздаушы адам.

«Ептілік» – икемділік, бір істі жақсы істеу.

«Қырмызылық» – әдемілік, әсемдік, сұлулық.

«Сыпайылық» – әдептілік, адамдарды сыйлау.

«Солдаттыққа да шыдайды» – әскери қызмет етуге де шыдау.

«Медресе» – Ислам дінінің орта және жоғары мектебі.

«Дін күту» – Құдайға құлшылық ету.

«Мал табу» – еңбек ету, кәсіп қылу.

«Салтанат» – әсемдік, асқан әдебімілік.

«Құзғын тамағымыз үшін» (*құзғын* – өлексемен қоректенетін қарғаға ұқсас құс) – дайын тамағымыз үшін.

«Біріміз жалшы» – қызмет көрсетуші, қызметші.

«Біріміз хош алушымыз» – қызметті қабылдаушы.

«Бірін-бірі қуып қор болмай» – бірін-бірі аңду, көреалмаушылық.

«Шаруа қуып» – жұмыс жасау.

«Зор болғандық әсері» – ақылды болу, барлық шаруа қолынан келу.

«Біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз» – салыстыруға келмейтін, өте төмен.

Екінші қарасөздің соңында ақын «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?» деп кері сауал тудырады. Бұл осы сөзде айтылған ойдың түйіні мен мәнін ашатын негізгі сұрағы, қорытындысы болып табылады. Бұл типтес талдау әрбір қарасөзге жеке-жеке жасалғанда жаңашыл қоғамда осы туындының мәнін түсініп, санаға сіңіру анағұрлым жеңілдей түседі деген сенімдеміз.

Қорытынды

Сонымен қорытындылай келе, мақалада ғұлама ойшыл Абай Құнанбайұлының аса құнды еңбектерінің бірі саналатын қарасөздерін көпшілік оқырманның түсініп, қабылдауына оңай болуы үшін тілдік-әдеби тұрғыдан зерделеп, тезаурус сөздігін қалыптастырудың жолдарын қарастырдық. Бұл ретте тезаурус сөздігі дегеніміз не, оның қандай түрлері болады, тезаурус сөздігін қалыптастыруда қандай принциптерді басшылыққа алуға болады деген сұрақтарды негізге алдық. Соған орай мысал ретінде екінші қарасөздің тезурустық қатарын қалыптастырдық.

Аталған мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылады (AP14869894 «Абай қарасөздерінің тезаурусы»).

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Шайкевич, А. Я. Тезаурус // Лингвистический энциклопедический словарь [Мәтін]. – М. : Совет. энцикл., 1990. – С. 506.

- 2 **Щерба, Л. В.** Языковая система и речевая деятельность [Мәтін]. – Ленинград : Наука, 1974. – 428 с.
- 3 **Соссюр, Ф.** Труды по языкознанию / пер. под ред. А. А. Холодовича [Мәтін]. – Москва : Прогресс, 1977. – 695 с.
- 4 **Баранов, О. С.** Идеографический словарь русского языка [Мәтін]. – Москва : ЭТС, 1995. – 820 с.
- 5 **Караулов, Ю. Н.** Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка [Мәтін]. – М. : Наука, 1981. – 365 с.
- 6 Абай тілі сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1968. – 864 бет.
- 7 **Мамырбекова, Г., Сейтбекова, А.** Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі [Мәтін] – Алматы : Фирма Орнак, 2013. – 480 б.
- 8 **Сарекенова, Қ. Қ.** Абай Құнанбайұлы шығармалары бойынша тезаурустық талдау [Мәтін] // Торайгыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2022. № 2. – Б. 222–229.
- 9 **Айтмұхамбет, Ж.** Абай поэзиясындағы «мәңгілік бейнені» тезаурустық талдау [Мәтін] // «Keruen» scientific journal. – Алматы, 2022. №1 (74). – Б. 85–102.
- 10 **Жұмалиев, Қ.** Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. Кітапта: Абайтану. Таңдамалы [Мәтін] – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2020. – 440 б.
- 11 **Есім, Ғ.** Хакім Абай [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1995. – 183 б.
- 12 **Кенжебаев, Б.** Әдебиет белестері [Мәтін]. – Алматы, 1986. – 400 б.
- 13 **Мырзахметұлы, М.** Абайтану, 10-том. Абайдың адамгершілік мұраттары [Мәтін]. – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2020. – 340 б.
- 14 **Әуезов, М. О.** Абай Құнанбаев [Мәтін]. – Алматы, 1967. – 389 б.
- 15 **Сыздықова, Р.** Абай тілінің зерттелуі [Электронды ресурс]. <https://abai.kaznu.kz/?p=1276>
- 16 **Нуржанова, Б.** Ақын-жазушы шығармалары тілі сөздігінің теориялық және практикалық мәселелері [Мәтін] // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2016. – № 2/2 (160). – Б. 141–144.

References

- 1 **Shajkevich, A. Ya.** Tezaurus // Lingvisticheskij enciklopedicheskij slovar [Thesaurus // linguistic encyclopedic dictionary] [Text]. – Moscow : Sovet. encikl., 1990. – P. 506.
- 2 **Sherba, L. V.** Yazykovaya sistema i rechevaya deyatelnost [The language system and working activities]. [Text]. – Leningrad: Nauka, 1974. – 428 p.
- 3 **Sossyur, F.** Trudy po yazykoznaniiyu / per. pod red. A. A. Holodovicha [Tru in the language]. [Text]. – Moscow : Progress, 1977. – 695 p.

4 **Baranov, O. S.** Ideograficheskiy slovar russkogo yazyka [Ideographic Dictionary of the Russian language]. [Text] – Moskva: ETS, 1995. – 820 p.

5 **Karaulov, Yu. N.** Lingvisticheskoe konstruirovaniye i tezaurus literaturnogo yazyka [Linguistic design and thesaurus of literary language] [Text]. – Moscow : Nauka, 1981. – 365 p.

6 Abai tili sozdigi [Dictionary of the Abai language] [Text]. – Almaty : Gylym, 1968. – 864 p.

7 **Mamyrbekova, G., Seiitbekova, A.** Abilgazy bahadyr hannyn «Turki shezhiresinin» tezaurus sozdigi [Thesaurus Dictionary of the «Turkic Chronicle» of Abilgazy Bahadur Khan] [Text]. – Almaty : Firma Ornak, 2013. – 480 p.

8 **Sarekenova, Q. Q.** Abay Qunanbaiuly shigarmalary boiynsha tezaurustiq tal daw [Thesaurus analysis of the works of Abai Kunanbayuly] [Text] // Toraygirov universitetinin habarshysy. Filologiya seriyasy. – Pavlodar, 2022. – № 2. – P. 222–229.

9 **Aitmukhambet, Zh.** Abay poeziyasindagi «mangilik beyneni» tezaurustiq tal daw [Thesaurus analysis of «eternal image» in Abai's poetry]. [Text] // «Keruen» scientific journal. – Almaty, 2022. – № 1 (74). – P. 85–102.

10 **Zhumaliev, Q.** Abaiga dejingi qazaq poeziyasy zhane Abai poeziyasynyn tili. Kitapta: Abaitanu. Tandamaly [Pre-Abai Kazakh poetry and the language of Abai poetry]. [Text] – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 440 p.

11 **Esim, G.** Hakim Abai [Philosopher Abai] [Text]. – Almaty : Gylym, 1995. – 183 p.

12 **Kenzhebaev, B.** Adebiet belesteri [Milestones of literature] [Text]. – Almaty, 1986. – 400 p.

13 **Myrzahmetuly, M.** Abaitanu, 10-tom. Abaidyn adamgershilik murattary [Abai studies] [Text]. – Almaty: Qazygurt, 2020. – 340 p.

14 **Auevov, M. O.** Abai Qunanbaev [Abai Qunanbaev] [Text]. – Almaty, 1967. – 389 p.

15 **Syzdyqova, R.** Abai tilinin zerttelui [Study of the Abai language]. [Electronic resource]. – // <https://abai.kaznu.kz/?p=1276>

16 **Nurzhanova, B.** Aqyn-zhazushy shygarmalary tili sozdiginin teoriyalıq zhane praktikalyq maseleleri [Theoretical and practical problems of the dictionary of the language of the works of the poet and writer]. [Text] // Al-Farabi atyndagy QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy. – Almaty, 2016. – №2/2 (160). – P. 141–144.

Материал 09.06.23 баспаға түсті.

*А. А. Касымова¹, К. Т. Тулебаева², Б. М. Кадырова³

¹Университет имени Шакарима города Семей,

Республика Казахстан, г. Семей;

²Alikhan Vokeikhan university,

Республика Казахстан, г. Семей;

³Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 09.06.23.

ТЕЗАУРУСНЫЙ ХАРАКТЕР СЛОВ НАЗИДАНИЙ АБАЯ КУНАНБАЙУЛЫ

В данной статье рассматриваются пути тезаурусного анализа языка слов назиданий казахского поэта Абая Кунанбайулы. Произведения Абая – бесспорное благородное наследие, основная константа литературы. Духовное погружение читателя в такие благородные произведения станет пищей не только для личности, но и для будущего нации. Но для современного читателя известно, что язык Абая становится тяжелым. Для понимания благородного слова, которое исходит из сердца поэта, необходима широта взглядов и мировоззрения читателя. Поэтому необходимо досконально разобраться в внутренней концепции слов назиданий. Единственный способ раскрыть суть слов – это провести тезаурусный анализ каждого слова. Тезаурус – структура, имеющая особое значение в системе Языково-лингвистического анализа. Тезаурус имеет более широкий смысл и содержание, чем просто словарь. Поэтому большое значение имеет анализ внутреннего содержания текста в высказываниях с помощью тезаурусного подхода. Аспект тезаурусного анализа основывается, прежде всего, на раскрытии квинтэссенциального смысла текста. В других типах словарей слова сгруппированы в алфавитном порядке, а в тезаурусных словарях слова сгруппированы по значению. При этом предполагается не только дать лексическое значение слов, встречающихся в словосочетаниях, но и раскрыть их атрибут и гипернимический характер. Статья разработана в рамках научного проекта AP14869894 «Тезаурус слов назиданий Абая».

Ключевые слова: Абай, слова назидания, тезаурус, лексическое значение, значение слова, тезаурусный анализ.

**A. A. Kassymova*¹, *K. T. Tulebayeva*², *B. M. Kadyrova*³

¹Shakarim University of Semey,
Republic of Kazakhstan, Semey;

²Alikhan Bokeikhan University,
Republic of Kazakhstan, Semey;

³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 09.06.23.

THESAURUS CHARACTER OF THE WORDS OF EDIFICATION OF ABAI KUNANBAYULY

This article discusses the ways of thesaurus analysis of the language of the words of edification of the Kazakh poet Abai Kunanbayuly. Abai's works are an indisputable noble heritage, the main constant of literature. The reader's spiritual immersion in such noble works will become food not only for the individual, but also for the future of the nation. But for the modern reader, it is known that the language of Abai is becoming difficult. To understand the noble word that comes from the poet's heart, the breadth of the reader's views and worldview is necessary. Therefore, it is necessary to thoroughly understand the inner concept of the words of edification. The only way to reveal the essence of words is to conduct a thesaurus analysis of each word. Thesaurus is a structure of particular importance in the system of Linguistic analysis. The thesaurus has a broader meaning and content than just a dictionary. Therefore, it is of great importance to analyze the internal content of the text in statements using a thesaurus approach. The aspect of thesaurus analysis is based primarily on the disclosure of the quintessential meaning of the text. In other types of dictionaries, words are grouped alphabetically, and in thesaurus dictionaries, words are grouped by meaning. At the same time, it is supposed not only to give the lexical meaning of the words found in the phrases, but also to reveal their attribute and hypernymic character. The article was developed within the framework of the scientific project ARI4869894 «Thesaurus of words of edification of Abai».

Keywords: Abai, words of edification, thesaurus, lexical meaning, meaning of the word, thesaurus analysis.

Теруге 09.06.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 22,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4100

Сдано в набор 09.06.2023 г. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Электронное издание

3,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 22,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4100

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz